

**"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 149 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 160 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 11 сәуірде № 34249 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 149 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10885 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 5-1) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары  
білім министрі  
2024 жылғы 10 сәуірдегі  
№ 160 бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2015 жылғы 31 наурыздағы  
№ 149 бұйрығымен  
бекітілген

**Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы "Ғылым туралы" Заңының 4-бабының 5-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет туралы есеп – ғылыми-техникалық жұмыстың іске асырылуы туралы ақпаратты, ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді,

сондай-ақ жоспарланған жұмыстардың әрі қарай жүргізілуінің орындылығы туралы, не аяқталған ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама нәтижесі туралы ақпаратты қамтитын құжат;

2) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша бас ұйым – нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға арналған конкурстың қорытындылары бойынша мемлекеттік уәкілетті орган айқындайтын әрі іргелі және қолданбалы зерттеулердің ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыруды сүйемелдеуді және орындалатын бағдарламаның шеңберінде орындаушы ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама – өзектілігі, жаңалығы, мақсаты мен міндеттері, ғылыми-практикалық маңыздылығы негізделген ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерден тұратын жоспарланған ғылыми-техникалық жұмыстардың мазмұнын қамтитын құжат;

4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі (бұдан әрі – ҒҒТҚН) – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында тиісті ғылыми әдіс-тәсілдер арқылы алынған және кез келген ақпарат жеткізгіште тіркелген жаңа білім немесе шешімдер, ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске енгізу, сондай-ақ модельдер, макеттер, жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың үлгілері;

5) ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі – ҒТБ МТ) – Қазақстан Республикасында мемлекеттік бюджет есебінен іске асырылатын ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың және олардың орындалуы жөніндегі есептердің тізбесі;

6) ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің мемлекеттік тізілімі – мемлекеттік бюджет есебінен алынған ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің тізбесі;

7) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - уәкілетті орган) – ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында салааралық үйлестіруді және басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) арқылы жүзеге асырылады.

**2-тарау. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу тәртібі**

4. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) қарастырылған құжаттар тізімін көрсетілетін қызметті берушіге is.ncste.kz ақпараттандыру объектісі (бұдан әрі - ақпараттандыру объектісі) арқылы электронды немесе қағаз түрінде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес ұсынады.

5. Жобаны мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы жобаны қаржыландыру басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешікпейтін мерзімде Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес тіркеу карталарын жібереді.

6. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және оны мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін жауапты құрылымдық бөлімшеге тапсырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері) мемлекеттік көрсетілетін қызметті 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетеді: электрондық түрде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі ақпараттандыру объектісі арқылы беру жүзеге асырылады, қағаз түрінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы беру жүзеге асырылады.

7. Ғылыми, ғылыми техникалық бағдарлама аясында орындалатын жобаны бірнеше көрсетілетін қызметті алушылар орындаған жағдайда, әрқайсысы өзі дербес орындайтын жұмыс бөлігіне тіркеу картасын жібереді.

8. Көрсетілетін қызметті беруші жобаны тіркейді, оны ҒТБ МТ-ға енгізеді және мемлекеттік тіркеу нөмірін бере отырып, тіркеу картасын береді.

9. Тіркелген жобаға түзетулер енгізу барысында көрсетілетін қызметті алушы түзету туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде көрсетілетін қызметті берушіге ресми бланкіде еркін түрде ресімделген хат пен осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес тіркеу картасын ұсынады. түзетулер туралы шешім қабылдау

10. Тіркелген жобаны орындау процесінде оны құпияландыру қажеттілігі туындаса, көрсетілетін қызметті алушы құпияландыру туралы шешім қабылданған күннен бастап он күн мерзімде бұл туралы көрсетілетін қызметті берушіге жазбаша түрде хабарлайды .

11. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны

қаржыландыру басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, Ұлттық ғылыми кеңестермен қабылданған, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 487 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33466 болып тіркелді) " Ұлттық ғылыми кеңестер тізбесін және олар туралы ережені бекіту туралы" осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштерін" және "титул парағын" 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рәсімдеп, бағдарламаға еркін түрде түсіндірме жазба мен ағымдағы жылы бағдарламаның тапсырмаларын (кезеңдерін) орындауға бөлінген бюджет қаражатының көлемін растайтын бас ұйымның басшысы қол қойып, мөрімен бекітілген құжатты Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 2-1), 2-2), 2-3) және 2-4) тармақшаларына сәйкес тапсырады.

12. Көрсетілетін қызметті беруші белгіленген тәртіппен тиісті шифр беру арқылы бағдарламаны тіркейді, оны ҒТБ МТ-ға енгізеді.

13. Тіркелген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаға түзетулер енгізу барысында, көрсетілетін қызметті алушы кезекті жылға арналған жоспарлы көрсеткіштерімен қатар, көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері" туралы мәліметтерді Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 2-5) тармақшасына сәйкес ұсынады.

14. Көрсетілетін қызметті алушы есептік жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей, көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша " Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша тапсырмалардың, жұмыс кезеңдерінің орындалуы туралы (жылдық) есепті" және еркін түрде түсіндірме жазбаны Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 2-6) тармақшасына сәйкес жібереді.

15. Көрсетілетін қызметті алушы есептік тоқсаннан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей, тоқсан сайын көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысанда ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындауға қатысушы ұйымдардың жұмыс тапсырмаларын, кезеңдерін, орындау барысы туралы мәліметтерді Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 2-7) тармақшасына сәйкес ұсынады.

16. Есепті мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы жобаның жұмыстары (кезеңдері) аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде көрсетілетін қызметті берушіге есеп пен осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпараттық картаны Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жібереді.

Есеп МЕМСТ 7.32-2017 мемлекетаралық стандартына сәйкес ресімделеді. " Мемлекетаралық стандарт. Ақпарат, кітапхана ісі және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Тіркеу құрылымы мен ережелері"

17. Көрсетілетін қызметті беруші есепті белгіленген тәртіппен оған инвентарлық нөмір беру арқылы тіркейді.

18. Көрсетілетін қызметті алушы ағымдағы есепті жылдың 15 қарашасынан кешіктірмей көрсетілетін қызметті берушіге іске асырылуы келесі күнтізбелік жылға ауысатын шарттар бойынша күнтізбелік жоспарға сәйкес жобаның іске асырылуы туралы қысқаша мәліметтерді осы Қағидалардың 10-қосымшасына және 9-қосымшасына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде ақпараттық картаны жібереді.

19. Көрсетілетін қызметті беруші жобаның іске асырылуы туралы қысқаша мәліметтерді белгіленген тәртіппен оған инвентарлық нөмір беру арқылы тіркейді.

20. ҒҒТҚН-ны мемлекеттік есепке алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне өтінім осы Қағидалардың 11-қосымшасына және ҒҒТҚН туралы мәліметтер нысанын 12-қосымшаға сәйкес ұсынады.

21. Көрсетілетін қызметті беруші өтінімді мемлекеттік номерін беру арқылы тіркейді, ҒҒТҚН-ның мемлекеттік тізіліміне енгізеді және мемлекеттік номерімен өтінімді береді.

22. ҒҒТҚН-нің құқық иеленушілері өзгеру барысында, көрсетілетін қызметті алушы қайта ұйымдастырылған жағдайда, сондай-ақ ҒҒТҚН-ні пайдалануға байланысты емес басқа да негіздер бойынша, өзгеріс туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидалардың 13 - қосымшасына сәйкес нысан бойынша ҒҒТҚН туралы мәліметтерді пайдаланудың өзгеруі туралы хабарламаны және 14 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҒҒТҚН пайдалану туралы мәліметтерді Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 4) тармақшасына сәйкес жібереді.

23. ҒҒТҚН-ға құқық тоқтатылған жағдайда ҒҒТҚН-ға құқық тоқтатылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 15 - қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге нысан бойынша хабарлама Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 4) тармақшасына сәйкес жібереді.

24. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың келіп түскен күні оларды қабылдау мен тіркеуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде сұрау салынған өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

25. Қызметті берушінің қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес

құжаттардың толық топтамасы көрсетілетін қызметті алушыда болған кезде оның өтінішін немесе ілеспе хат қабылдауға міндетті.

Көрсетілетін қызметті алушы тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын, сондай-ақ қолданылу толық ұсынбаған кезде, сондай-ақ қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері осы Қағидаларда 2-қосымшасына сәйкес дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

26. Негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешіммен таныстыру, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін өткізілетін тыңдалымның өткізу уақыты мен орны туралы хабарлайды. Хабарлама (ескерту) көрсетілетін қызметті алушының абоненттік ұялы байланыс нөміріне немесе электрондық поштасына немесе басқа да байланыс түрлерін қолдана отырып, мәтіндік хабарлама не/немесе қоңырауды жазуды қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберіледі.

Тыңдалым туралы хабарлама дәлелді бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күн бұрын жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдалым нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешім қабылдайды немесе дәлелді бас тартуды ресімдейді.

### **3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

27. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды тұлға, көрсетілетін қызметті беруші шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған лауазымды тұлға, көрсетілетін қызметті беруші егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде

шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік акт қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті қолданса, шағымды оны қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

28. Егер заңда өзгеше көзделмесе, шағым берілгеннен кейін сотқа дейінгі тәртіппен сотқа жүгінуге жол беріледі.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Мемлекеттік қызмет атауы: "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу"		
Мемлекеттік қызмет түрлерінің атауы:		
1) Ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны мемлекеттік есепке алу;		
2) Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны мемлекеттік есепке алу;		
3) Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалардың орындалуы бойынша есепті мемлекеттік есепке алу;		
4) Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның орындалуы бойынша есепті мемлекеттік есепке алу;		
5) Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін мемлекеттік есепке алу.		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" Акционерлік қоғам
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілі	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: 1) электрондық түрде is.ncste.kz ақпараттандыру объектісі (бұдан әрі – ақпараттандыру объектісі) арқылы; 2) қағаз түрінде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы.



3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі: электрондық – 5 (бес) жұмыс күні; қағаз түрінде – 5 (бес) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету түрі	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ғылыми, ғылыми-техникалық жобаға – мемлекеттік тіркеу нөмері берілген тіркеу картасы;</li> <li>2) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаға – шифр берілген куәлік;</li> <li>3) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалардың орындалуы бойынша есепке - инвентарлық нөмір берілген ақпарат картасы;</li> <li>4) іске асырылуы келесі күнтізбелік жылға ауысатын шарттар бойынша күнтізбелік жоспарға сәйкес жобаның іске асырылуы туралы қысқаша мәліметтерге - инвентарлық нөмір берілген ақпарат картасы;</li> <li>5) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне - мемлекеттік тіркеу нөмері берілген өтінім.</li> </ol>
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>Көрсетілетін қызмет беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, 9.00-ден 18.00-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ға дейін.</p> <p>Ақпараттандыру объектісі: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс</p>

		<p>уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету сұрақтары бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: +7 (727) 355 50 01.</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік тіркеу үшін көрсетілетін қызметті берушіге келесі құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобаға тіркеу картасы 3-қосымшаға сәйкес нысан;</p> <p>2) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаға келесі қосымшалар:</p> <p>2-1) Ф1 - біріздендірілген нысан " Кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері" 4-қосымшаға сәйкес нысан;</p> <p>2-2) Ф1 – біріздендірілген нысанға "Кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері" титулдық беті 5-қосымшаға сәйкес нысан;</p> <p>2-3) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама жетекшісінің қолы қойылған түсіндірме жазба;</p> <p>2-4) ағымдағы жылы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның тапсырмаларын ( кезеңдерін) орындауға бөлінген бюджет қаражатының көлемін растайтын, бағдарлама жетекшісі қол қойған құжат; 2-5) Ф1 - түзету нысаны "Кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері" 6-қосымшаға сәйкес нысан;</p> <p>2-6) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша тапсырмалардың, жұмыс</p>

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

кезеңдерінің орындалуы туралы (жылдық) есеп 7 - қосымшаға сәйкес;

2-7) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындауға қатысушы ұйымдардың жұмыс тапсырмаларын, кезеңдерін орындау барысы туралы мәлімет 8 - қосымшаға сәйкес;

3) ғылыми, ғылыми-техникалық жоба/бағдарламаның орындалуы туралы есеп МЕМСТ 7.32-2017 " Ғылыми-техникалық жұмыс туралы есеп" Мемлекетаралық стандартына сәйкес ресімделген және ақпарат картасы 9 - қосымшаға сәйкес нысан;

4) іске асырылуы келесі күнтізбелік жылға ауысатын шарттар бойынша күнтізбелік жоспарға сәйкес жобаның іске асырылуы туралы қысқаша мәліметтер 10 - қосымшаға және ақпараттық карта 9 - қосымшаға сәйкес нысандар;

5) 11 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін тіркеуге өтінім түрінде ресімделген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі және 12 - қосымшаға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері туралы мәліметтерді еспке алу жөніндегі нысандар (қажет болған жағдайда) ұсынылады; 13 - қосымшаға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері (бұдан әрі - ҒҒТҚН) туралы мәліметтердің өзгергені туралы хабарлама; 14 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін пайдалану туралы мәліметтер; 15 - қосымшаға сәйкес ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесін мемлекеттік тізілімінен ҒҒТҚН-ны алып тастау туралы хабарлама.

		<p>6) Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді тиісті ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.</p>
<p>9.</p>	<p>Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту себептері</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;</p> <p>6) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі</p>

		шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.
10.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескеретін өзге де талаптар және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету	<p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық сандық қолтаңбасы бар болған жағдайда, ақпараттандыру объектісі арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратқа ақпараттандыру объектісі арқылы көрсетілетін қызметтерді қашықтықтан қол жеткізу режимінде немесе көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сонымен қатар, "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.</p>

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларына  
2-қосымша

**"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу" Негізгі талаптар тізбесінің 8, 9 тармақтарына сәйкес келмейтін құжаттарды мемлекеттік тіркеуден бас тарту**

№	Атауы	Көрсетілетін қызмет алушы	Ғылыми жетекші	Негізгі талаптар тізбесінің 8, 9 тармақтар талаптары	Қайтару негіздемесі
1					

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

Тіркеу картасы

Қайда: 050026, Алматы,

				Бөгенбай батыр көшесі, 221
				"Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" Акционерлік қоғам
				т. + 7 727 355 50 01
Хаттың шығыс №, күні				Мемлекеттік тіркелу нөмірі

Жұмысты орындау мерзімі

Өзгертілген мемлекеттік тіркелу нөмірі Басталуы Аяқталуы

Жұмысты жүргізу үшін негіздеме	Күнтізбелік жылдар бойынша қаражат көздері және көлемі (тенге)	Бар-лығы	1- жыл	2- жыл	3- жыл
Мемлекеттік бағдарлама	Мемлекеттік бюджеттің қаражаты				
Қолданбалы зерттеулер	Тапсырыс берушінің қаражаты				
бағдарламасы	Меншікті қаражат				
Іргелі зерттеу бағдарламасы	Халықаралық гранттар, қорлар				
Инновациялық жоба	Басқалар				
Отандық гранттар	Жұмыс түрі				
Министрліктің тапсырмасы	Іргелі ғылыми-зерттеу жұмысы				
Ынталы Ұйыммен шарт жасау	Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмысы				
	Тәжірибелі-конструкторлық, жобалау-конструкторлық				
	Жобалау-технологиялық				
Бағдарламаның шифры					

Орындалатын жұмыс бойынша, бағдарлама тапсырмасының шифры \_\_\_\_\_

Негізгі ұйым туралы мәліметтер

Телефоны Электрондық мекен-жайы Қала

Министрліктің (ведомствоның) қысқартылған атауы

## Көрсетілетін қызметті алушының толық атауы

Көрсетілетін қызметті алушының қысқартылған атауы	
---	--

Көрсетілетін қызметті алушының мекен-жайы (индекс, республика, облыс, қала, көше, үй)

Қоса орындаушы ұйым

Тапсырыс беруші

Жұмыстың атауы

Күтілетін нәтижелер

Тіркелген жұмыстың күтілетін нәтижелерінің нақты жоспарланған сипаттамалары көрсетілген және зерттеу немесе әзірлеу объектісінің параметрлері еркін түрде сипатталады.

	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Қолы	Мөр орны
Ұйым жетекшісі				
Жұмыс жетекшісі				
5ЭОК индексі		Геолқор шифры		Күні
Тақырыптық айдарлар коды				
Түйінді сөздер				

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік есепке алу қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан  
Ф1-біріздендірілген

\_\_\_\_\_ жылға (жылдарға) арналған кеңейтілген ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның көрсеткіштері

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның шифры \_\_\_\_\_

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның атауы \_\_\_\_\_

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау негізі болған себептер \_\_\_\_\_

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау мерзімі \_\_\_\_\_

Қаржыландырудың көлемі \_\_\_\_\_ жылға \_\_\_\_\_ теңге

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша көрсетілетін қызметті алушының атауы (толық және аббревиатурасы)					Мекен жай	Телефоны	Факсы, электрондық мекенжайы	Бірінші басшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	
1					2	3	4	5	
Тапсырма-ның кезеңнің шифры	Тапсырманың кезеңнің атауы	Ғылыми техникалық акпараттардың мемлекетаралық топтамасының коды / түйінді сөздер	Тапсырманың кезеңдері орындалушы ұйымның аббревиатурасы	Бизнес - сәйкестендіру нөмірі/ Жеке сәйкестендіру нөмірі	Ұйымдардың аккредитциялық белгілері "1" -иә, "2"-жоқ		Тапсырманың жұмыс кезеңі басшысының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), ғылыми дәрежесі, қызметі	Жұмыс орындалуының жоспарланған мерзімі (тоқсан, жыл)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	
								басталуы	аяқталуы

кестенің жалғасы:

Жоспарланған мерзімге қаржыландыруға қажеттілік (мың теңге)

Барлығы	Оның ішінде:					Күтілетін нәтижелер
	ғылыми зерттеулер		тәжірибе-конструкторлық әзірлемелер			
	іргелі	қолданбалы	тәжірибелік - конструкторлық және технологиялық жұмыстар	бұйымдардың (өнімдердің) тәжірибелік үлгілерін, партияларын дайындау	құрылыс үшін жобалау жұмыстары	
10	11	12	13	14	15	16
<p>Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның жетекшісі _____</p> <p>Құжатты орындаушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және телефон нөмірі _____</p> <p>" _____ " _____ 20 _____ ж.</p>						
<p>М.О. Қолы Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)</p>						

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау үшін қажетті мамандар саны

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның шифры \_\_\_\_\_



Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның атауы \_\_\_\_\_

